

Атырау облысы Ішкі саясат
басқармасы басшысы
Г.Сүйсеуованын
2024 жылғы «22» мамырдағы
№ 42 бұйрығымен бекітілген

2024 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға берілетін мемлекеттік
гранттардың басым бағыттарының тізбесі

№ р/с	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыла ндыру көлемі (мың тенге)	Грант түрі	Нысаналы индикатор
Жастар және отбасы комитеті						
1.	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Атырау облысы жастарының зияткерлік білім деңгейін арттыру	Бүкіл әлемде жастардың өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға деген ынтасын арттырудың негізгі тетігі зияткерлік ойындар болып табылады, ал әуесқойлық және жартылай кәсіби зияткерлік жарыстарды ұйымдастыру көбінесе ұжымдардың өзін-өзі ұйымдастыруының, жалпы өзін-өзі басқару нысандарының пайда болуының алғашқы қадамы болып табылады. Командалық ойында қатысушылар көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді, қарым-қатынас және әлеуметтік төзімділік дағдыларын қалыптастырады, алуан түрлі пікірлерді қабылдау қабілеті қалыптасады, тұлғаның дамуын ынталандырады, жас ұрпақтың әлеуметтенуін қамтамасыз	10 300 000 тенге	1 қысқа мерзімді грант	Нысаналы индикатор: Әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде Атырау облысының кемінде 2 000 жастары қамтылуға тиіс; Күтілетін нәтиже: 1. Атырау облысында «Атырау Intellect FEST» облыстық фестивалін ұйымдастыру; 2. «Атырау Intellect FEST» фестиваль аясында 7 аудан және қала жастарын қамти отырып, «АтырауQuiz» квиз ойындары (8 ойыннан кем емес), «АтырауQuest» квест ойындары (2 ойыннан кем емес), «OgyrJarys» кітап оқудан жарыс сайысы (2 рет), «АтырауPuzzleDay ойындары» (2 рет) және зияткерлік қабілетті дамытуға арналған 3 meeting пен 3 workshop ұйымдастырылады; 3. Облыстың кемінде 50 жастарын қамти отырып, 4 бағыт (сыни ойлауды дамыту,

			<p>егуге арналған әртүрлі әлеуметтік институттардың өзара әрекеттесуіне жағдай жасайды, осылайша азаматтық қоғамдастықтың қалыптасуына ықпал етеді.</p> <p>(2023 жылғы «Қазақстан жастары» социологиялық зерттеуі)</p> <p>(ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 4-бағыт, 42 тармақ)</p>			<p>шығармашылық ойлауды ынталандыру, дербестік пен бастамашылықты ілгерілету, бейімделу дағдыларына оқыту) бойынша осы салалардың сарапшыларының қатысуымен білім беру курсының ұйымдастыру;</p>
2.	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Нашақорлықтың алдын алу бойынша шаралар кешені	<p>Жастар арасында өмірдің бірқатар саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа аспектілерінің өзгеруіне байланысты есірткіге тәуелділіктің өсуі байқалады. Мұндай динамика көптеген жағымсыз салдарға әкеледі. Қазіргі жағдайда қазақстандық жастар арасындағы есірткіге тәуелділіктің өсу динамикасының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың ішінде әртүрлі әлеуметтік топтардағы есірткі заттарын қолданудың әртүрлі көлемі атап өтіледі. Сонымен қатар, нашақорлықтан зардап шегетін адамдардың 70%-ы жасөспірімдер. Ересектердің 80%-ы есірткіге тәуелділігі 12 мен 17 жас аралығында тіркелген. Қазақстан Республикасының (ҚР) Құқық қорғау</p>	7 500 000 теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p>Нысаналы индикаторлар: Атырау облысы жастарының (14-35 жас) нашақорлықпен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлығын арттыру (кемінде 1 500 адамды тікелей қамту).</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1. Киберволонтерлерді тарға отырып, есірткілерді тарататын заңсыз сайттардың жұмысы туралы азаматтардың өгініштерін анықтау бойынша Телеграм бот жұмыс істейтін болады; 2. Атырау облысының кемінде 50 еріктілері мен жұртшылық өкілдерін тарға отырып, есірткіні насихаттауға және жарнамалауға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады, оның ішінде «графитиді» жою жөніндегі шаралар, заңсыз үгітті анықтау және жастар арасында</p>

			<p>органдары бұл үрдісті растайды. Есірткіні заңсыз өткізуге және тұтынуға қарсы күрес бойынша жүргізіліп жатқан шаралар шеңберінде тұрақты іс-шаралар жүргізілуде. Есірткіні бақылау қызметкерлерінің деректеріне сүйене отырып, біздің еліміздегі жастар арасында есірткіге тәуелділіктің өсу қарқынының нақты көрсеткіштері есірткіге тәуелділіктің өсуінен 5-8 есе жоғары деп айтуға болады</p>		<p>зиянды тәжірибелердің таралуын болдырмау мақсатында кешкі уақытта көшелерге мониторинг жүргізу және т.б.;</p> <p>3. Әлеуметтік желілерде кеңінен ротацияланатын нашақорлықтың өзекті мәселелері бойынша есірткіге қарсы 7-10 минуттық деректі фильм дайындау (<i>қаралым саны 500 мыңнан кем емес</i>);</p> <p>4. Өңірдің жоғары сыныптар оқушыларының ата-аналарымен қазіргі заманғы синтетикалық есірткілер, дәріханалық нашақорлық проблемаларын және жасөспірімдердің есірткінің заңсыз айналымына қатысуының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарының өкілдерімен кемінде 10 профилактикалық кездесу өткізу (<i>кемінде 1 000 адамды тікелей қамту</i>);</p> <p>5. Өңірдің жоғары сынып оқушыларын және оқу орындарының студенттері үшін (<i>ата-ана келісін алу қажет</i>) нашақорлық қылмысының алдын алу мақсатында ҚАЖ департаментінің Түзеу мекемелеріне және наркологиялық диспансерлерге экскурсиялар ұйымдастырылады. (<i>кемінде 500 адамды қамту</i>).</p>
3.	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Жұмысшы жастар арасында іс шаралар кешені	Жас ұрпақтың жұмыс жасайтын бөлігі кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің манызды санатын білдіреді, стратегиялық құнды ресурс және кәсіпорындар мен жалпы өңірдің дамуының қозғаушы күші болып табылады. Мұндай қызметкерлер ұйымға озық білім, жаңа идеялар мен ерекше шешімдер енгізе алады. Жұмыс	1 қысқа мерзімді грант	<p>Нысаналы индикатор: Атырау облысының кәсіпорындарында 15 жұмысшы жастар қауымдастығы құрылады (<i>1 қауымдастықта кемінде 30 белсенді жастар</i>).</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1. Атырау облысының жұмысшы жастардың қатысуымен фасилитациялық сессияларын өткізу арқылы кәсіпорындардағы жастар</p>

			<p>істейтін жастардың өкілдері үшін жаңа ұжымға бейімделу қиындықтары, әлеуметтік сенімсіздік, жас отбасының проблемалары, айтарлықтай қаржылық жүктеме өзекті болып табылады. Оқушылар мен студенттерден айырмашылығы, жұмыс істейтін жастарда қоғамдастыққа біріктіретін фактор жоқ, олар ажыратылған, сонымен қатар қаладағы іс-шаралар туралы ақпарат тұрғындарға әрдайым жете бермейді. Жұмыс жасайтын жастар өздерінің бос уақыттарын ұйымдастыруда және өткізуде пассивті позицияда. Бос уақытын өткізетін негізгі орын-тұрғылықты жері, негізгі құралы - теледидар бағдарламаларын көру және компьютермен жұмыс істеу. Білім беру үдерісі шеңберінде студенттер мен оқушылар жұмысшы жастарға қарағанда өздерінің шығармашылық, спорттық және өзге де мүмкіндіктерін іске асыру мүмкіндігіне ие; ресми және бейресми қоғамдық жастар ұйымдарына қатысуға деген ұмтылысы төмен.</p>	8 900 000 теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p>кеңесінің жұмысын жандандыру бойынша іс шаралар жоспары әзірленеді (кемінде 15 компанияның жастарын қамту, 5 кездесуде барлығы кемінде 100 қатысушы);</p> <p>2. Атырау облысының белсенді жұмысшы жастардың базасын жасақтау (кемінде 100 адам);</p> <p>3. Кемінде 100 белсенді жұмысшы жастардың қатысуымен слет өткізу;</p> <p>4. Қалыптасқан жұмысшы жастар қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен кемінде 10 өңірлік және республикалық жобаларға қатысуын қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда қатысушылардың іс-сапар жол шығындарын қамтамас ету);</p> <p>5. Салауатты өмір салтын насихаттауға, жеке қасиеттерін дамытуға, еңбек ұжымдарын біріктіруге, корпоративтік рухты қолдауға және қала ұжымдары арасында көршілік қатынастар құруға бағытталған 10 іс-шара ұйымдастырылады (кемінде 1 000 адамды қамти отырып);</p> <p>6. Атырау облысының кемінде 500 жас қатысушысы үшін өнеркәсіп кәсіпорындарының жас мамандарымен кәсіптік бағдар беру сессиясын ұйымдастыру.</p>
4. Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Жастардың шығармашылық әлеуетін және ақпараттық-коммуникативтік қабілеттерін		2022 жылғы «Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеуінің қорытындысы бойынша жастардың 71% - ы әлеуметтік желілерді үнемі пайдаланатыны анықталды. Танымал аккаунттар-пікір көшбасшыларының аккаунттары (блогерлер). Олар жастардың кез-келген ақпаратты алуы үшін мүйіз болып			<p>Нысаналы индикатор: Атырау облысының жастарын блог жүргізу дағдыларына үйрету арқылы мемлекеттік бағдарламалар бойынша хабардарлықтарын арттыру (жобаның ақпараттық қамтылуы кемінде 20 000 қаралым).</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>

	<p>дамыту</p>	<p>табылады. Көбінесе, көптеген Мемлекеттік бағдарламалар түпкілікті бенефициарға оның пікір көшбасшысының жарыққа шықпауына байланысты жете алмайды. Бұл мәселе әсіресе қазақ тілді пікір көшбасшыларының жоқтығымен көрінеді. Жас балаларды блогинг дағдыларына үйрете отырып, біз қазақстандық патриотизмді, толеранттылық идеясын, салауатты өмір салтын қалыптастыруды, білім беру бағдарламаларын, жастар кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі бастамаларды және т. б. ілгерілете аламыз.</p>		<p>1. Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар туралы хабардарлығын арттырудың инновациялық және креативті әдістерін ұсына алатын жастар арасында кемінде 30 қоғамдық пікір көшбасшысын анықтау;</p> <p>2. Анықталған кемінде 30 көшбасшыны 4 бағыт бойынша <i>(бағыттар: камерада жұмыс істеу, шеендік өнер, копираитинг және мобилография)</i> оқыту курсы өткізу;</p> <p>3. Оқу курстарынан өткен қатысушылар жастардың мемлекеттік бағдарламалары мен бастамалары тураллы кемінде 3 материал дайындап, әлеуметтік желіде жариялау тиіс <i>(жариялымдардың ақпараттық қамтуы кемінде 10 000 қаралым)</i>;</p> <p>4. Жоба аясында 2 қызықты подкаст құрылады, жастардың шығармашылық әлеуетін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын шабыттандырады және дамытады, жастардың қызмет аясын кеңейту және әлеуметтік желілерде түсірілген подкасттарды белсенді тарату <i>(подкасттың ақпараттық қамтылуы кемінде 10 000 қаралым құрайды)</i>;</p> <p>5. Әр түрлі бағыттар бойынша шығармашылық конкурс өткізу <i>(мобилография саласындағы үздік ролик, музыкадағы үздік шығарма, үздік көркем шығарма және т. б. бағыты)</i>, одан кейін жас таланттардың үздік жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру және осы саладағы табысты адамдармен коллаборация жасау мүмкіндігін ұйымдастыру.</p>
--	---------------	---	--	---

5.	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Әлеуметтік роликтер циклін әзірлеу	Еліміздің басты қозғаушы күші жастар. Сондай –ақ, әлеуметтік желіні тұрақты пайдаланатын да жастар болып табылады. Елімізде интернет соның ішінде әлеуметтік желі пайдаланушылардың саны қарқынды түрде дамып келеді. Халық ақпарат көздерін әлеуметтік желіден алады. Қоғамның, әсіресе жастардың құқықтық, медиа, мәдени сауаттылықтарын арттыруда әлеуметтік желінің тигізер әсері мол екендігін ескерген жөн.	10 010 000 теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p>Нысаналы индикатор: Өзекті мәселелердің алдын алуға бағытталған интернет желісіндегі әлеуметтік контенттің үлесін ұлғайту (<i>барлық бейнероликтерді қарау саны 2 миллионнан кем емес</i>).</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1. Негізінде бейнероликтер әзірленетін төрт өзекті бағытқа талдау жүргізу (<i>өзекті бағыттарды Тапсырыс берушімен алдын ала келісу</i>); 2. Тапсырыс берушімен одан әрі келісе отырып, 4 әлеуметтік бейнеролик сценарийін әзірлеу; 3. Таңдалған өзекті бағыттар бойынша 4 әлеуметтік бейнеролик әзірлеу; 4. Дайындалған әлеуметтік бейнероликтерді тарату бойынша ақпараттық жұмыс (<i>тарату арналары: өңірдегі танымал әлеуметтік желі блогерлерінің парақшаларында, әлеуметтік желілерде, көше экрандарында, ТВ, қоғамдық мекемелер мен орындарда және т. б. тарату арналарында</i>).</p>
6.	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Шығармашылық музыкалық акселератор	Шығармашылық индустрияның аумақтарды дамыту үшін орасан зор әлеуметтік-экономикалық әлеуеті бар. Қоғамдағы креативті таптың даму деңгейінің өзгеруі – бұл адами капиталдың дамуын, өмір сүру ортасының жайлылығын, аймақтар мен елем елдерінің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын анықтайтын барометр. Бүгінгі таңда	9 972 000 теңге	1 қысқа мерзімді грант	<p>Нысаналы индикатор: Атырау облысында мемлекеттік тілде өнер көрсететін жастар шығармашылық топтардың, орындаушылардың санын ұлғайту (<i>кемінде 10 орындаушы топты құру</i>).</p> <p>Күтілетін нәтиже: 1. Шығармашылық әлеуетті ашуға, жаңа дағдыларды игеруге және өз қабілеттеріне деген сенімділікті нығайтуға ықпал ететін</p>

			<p>заманауи танымал музыканы, оның ішінде жастар арасында сұранысқа ие музыканы қолдау жүйесін қалыптастыру мәселелері кеңінен талқылануда. Бұл мәселе шынымен де өзекті, егер академиялық музыканттар үшін мұндай жүйе қалыптасқан болса, қазіргі заманғы музыканы орындайтын музыканттар үшін бұл мәселе әлі де өзекті. Музыканттардың негізгі қиындықтары шығармашылыққа жүмсалатын ақшаның жетіспеушілігімен және шығармашылықты дұрыс насихаттау қажеттілігін түсінбеуімен байланысты болып отыр.</p> <p>Жобаның маңыздылығы – ол өңірді шығармашылық (ән, би, қойылым, аспаптарда ойнау т.б.) ордаға айналдыра отырып, жастардың өнер мен мәдениетке деген құлшынысын арттыру, шығармашыл қарым-қабілеттерін қалыптастыру.</p>			<p>менторлық сүйемелдеу арқылы шығармашылық жастардың тілдерін дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, арнайы шығармашылық кеш ұйымдастыру (кемінде 50 қатысушы);</p> <p>2. Атырау облысында шығармашыл жастардың фестивалін өткізу, онда жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды ынталандыру және сахнада өнер көрсету дағдыларын және өзін-өзі дамытудың басқа да аспектілерін нығайту мақсатында музыкалық қойылымдармен, би нөмірлерімен, аспаптарда ойнаумен және т.б. өңірдің жас орындаушыларының шығармашылығы көрсетілетін болады (кемінде 10 қойылым);</p> <p>3. Фестивальде өнер көрсететін шығармашыл жас орындаушыларға кастинг өткізіп, шығармашылық 10 топ құру.</p>
	2024 жылға БАРЛЫҒЫ			55 682 000 теңге		